

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Емтиханның мақсаты мен міндеттері.....	3
3	Емтиханды өткізу тәртібі	3
4	Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен шарттары, бағалау көрсеткіштері.....	5
5	Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен сұрақтар тізімі, бағалау көрсеткіштері.....	7

1. Жалпы ережелер

В092 — Тынығу білім беру бағдарлама тобы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде дайындалды.

Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің бойындағы қабілеттерді және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттарды анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтихан өткізілетін күндерді үлгі ережеде көрсетілген мерзімге сәйкес университет қабылдау комиссиясы белгілейді және шығармашылық емтихандар дәстүрлі форматта өткізіледі.

2. Емтиханның мақсаты мен міндеттері

В092 - Тынығу білім беру бағдарлама тобы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдау мақсаты мен міндеттері:

- талапкерлердің жалпы дене дайындығын тексеру;
- талапкерлердің спорттық сауықтыру фитнесіне, спорттық туризмге бейімділігін айқындау;
- дене шынықтыру мен спортқа бейімі бар талапкерлердің арнайы қабілеттерін тексеріп дарынды жастарды іріктеп алу.

-

3. Емтиханды өткізу тәртібі

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Оқуға түсушілердің құжаттары 2023 жылдың 20-маусым мен 7-шілде аралығында Халықаралық туризм және меймандостық университетінде қабылданады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-15 шілде аралығында өткізіледі.

Шығармашылық емтихан қабылдауға екі күн қалғанда, комиссия талапкерлерге арналған емтиханды өткізу тәртібі мен ережелерін түсіндіру жұмысы тиісті алаңда өткізеді.

Емтихан басталар алдында (30 минут бұрын) пәндік комиссия мүшелері

жеке тұлғаны растайтын құжаттардың фотосуреті (пропуск) негізінде талапкердің тұлғасын анықтайды.

Талапкердің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болуы міндетті.

Қабылдау комиссиясы талапкерлердің жеке басын сәйкестендіру рәсімінен кейін шығармашылық емтиханды қабылдауды бастайды.

Шығармашылық емтихан тапсыруға келмеген талапкерлерге ведомостқа «келмеді» деп жазылып балл қойылмайды.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ-лар әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Емтихандарды өткізу кезеңіне шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтиханды тапсырушы адам өзі тапсырады, ол шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда,

төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

4. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен шарттары, бағалау көрсеткіштері.

Бірінші шығармашылық емтихан «Орындау шеберлігі» бойынша Халықаралық туризм және меймандостық университетінің оқу-сауықтыру кешенінде тәжірбиелік көрсетілім негізінде өтеді. Бұл жерде оқуға түсуші алдын ала өзінің дайындаған әртүрлі стильдегі 2-3 шығармасын орындап көрсетеді. Сонымен қоса олар төмендегі қойылымдарды орындауы керек:

6B11107 - Спорттық-сауықтыру фитнесі білім беру бағдарламасы бойынша тапсыратын емтихан түрлері.

6B11107 - Спорттық-сауықтыру фитнесі білім беру бағдарламасы бойынша тапсыратын емтихандар төмендегідей жалпы саны 45 балды құрайды.

1. Акробатикалық жаттығулар (алға аунау, артқа аунау, жауырынға тұру, қолды тіреп баспен тұру, бүйірден қапталға қолды тірей шенбер жасап айналу, көпір жасау); жалпы саны 15 балды құрайды.

2. 8 саннан кем емес аэробикалық би жаттығулар кешені жалпы саны 15 балды құрайды.

3. Президенттік сынақ бойынша орындалатын тапсырмалар төмендегі кестедегідей жалпы саны 15 балды құрайды.

Көпсайыс жаттығулары	Жынысы	Нормативтік талаптар мен сынақ балдары														
		Берілетін балдары	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2
Белтемірде тартылу (саны)	Ерлер	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2-1
Арқада жатып кеудесін көтеру (пресс) 1 минутта	Әйелдер	40	35	30	28	26	24	22	20	18	17	16	15	14	13	12

**«БВ11106 – Спорттық туризм» білім беру бағдарламасы бойынша
тапсыратын емтихан түрлері.**

1. Президенттік сынақ бойынша орындалатын тапсырмалар төмендегі кестедегідей жалпы саны 45 балды құрайды.

Көпсайыс жаттығулары	Жынысы	Нормативтік талаптар мен сынақ балдары														
		Берілетін балдары	23	22	21	20	19	18	17	16	15	14	13	12	11	10
Белтемірде тартылу (саны)	Ерлер	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2-1
Арқада жатып кеудесін көтеру (пресс) 1 минутта	Әйелдер	40	35	30	28	26	24	22	20	18	17	16	15	14	13	12
3x10 м қайталап жүгіру	Ерлер	8,0	8,4	8,6	8,7	8,9	9	9,2	9,4	9,6	9,8	10	10,2	10,4	10,6	10,8
3x10 м қайталап жүгіру	Әйелдер	9,0	9,4	9,6	9,7	9,9	10	10,2	10,4	10,6	10,8	11	11,2	11,4	11,6	11,8
100 м. Жүгіру. /сек/	Ерлер	14,0	14,2	14,4	14,7	15,0	15,3	15,6	15,8	16,0	16,2	16,4	16,7	17,0	17,3	17,5
	Әйелдер	16,5	16,7	16,9	17,1	17,4	17,7	18,0	18,3	18,6	19,0	19,3	19,6	20,0	20,3	20,5

БВ11107 - Спорттық-сауықтыру фитнесі білім беру бағдарламасы бойынша

I шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша бағалау көрсеткіштері төмендегідей бағаланады:

«15» балл. Акробатикалық жаттығуларын орындау техникасы өте жоғары. Орындалған би жаттығулар өте жоғары деңгейде, барлық қозғалыстар талапқа сәйкес орындалған. Дене мүшелерінің икемділігі (пластика) және қозғалыс координациясы өте жақсы. Есту, тыңдау, би қозғалысының есте сақтау қабілеті өте жоғары. Орындаушылық тәсілі өте жақсы. Музыкалық қабілеті жоғары. Ырғақ өлшемі қалыптасқан. Қол-аяқ қалыптары, денені ұстау, бас және бет пішін көрсету икемділігі өте жоғары.

«14-13» балл. Акробатикалық жаттығуларын орындау техника заңдылықтары сақталған. Дене мүшелерінің икемділігі (пластика) және қозғалыс орнықты ұстау координациясы жақсы. Есту, тыңдау, би

қозғалысының есте сақтау қабілеті жақсы. Орындаушылық тәсілі жақсы. Музыкалық қабілеті және ырғақ өлшемі жақсы. Қол-аяқ қалыптары, денені ұстау, бас және бет пішін көрсету икемділігі жақсы.

«12-11» балл. Акробатикалық жаттығуларын орындау техникасы орташа. Есту, тындау, би қозғалысының есте сақтау қабілеті орташа. Орындаушылық тәсілі орташа. Музыкалық қабілеті және ырғақ өлшемі орташа.

«10-8» балл. Акробатикалық жаттығуларын орындау кезінде дене мүшелерінің қозғалыстары орташа. Дене мүшелерінің икемділігі (пластика) орташа, кимылы орнықты, дене ұстау кезінде координациясының кемшіліктер бар. Би қозғалысының есте сақтау қабілеті жақсы. Ырғақ өлшемі қалыптасқан. Аяқ және қол қалыптары, денені қою, бас және бет пішін көрсету икемділігі орташа.

«7-5» балл. Акробатикалық жаттығуларын орындау техникасы төмен. Ырғақ өлшемі қалыптасқан. Аяқ және қол қалыптары, денені қою, бас және бет пішін көрсету икемділігі орташа.

«4-1» балл. Акробатикалық жаттығуларын орындау техникасы төмен. Би жаттығуларын төмен деңгейде. Жаттығуларды орындау қабілеті және координациясы жоқ. Дене мүшелерін қолдануы дұрыс емес.

5. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен сұрақтар тізімі, бағалау көрсеткіштері

Екінші «Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері» бойынша арнайы емтихан Халықаралық туризм және меймандостық университетінің бас ғимаратында өтеді.

Әңгімелесу кезінде әр талапкер шығармашылық емтихан комиссиясының алдына жеке сұхбаттасу құрады. Жалпы танымдық сұрақтарға жауап беру арқылы өзінің жан-жақты ой-өрісін байқатады. Талапкерлерге қойылатын бағдарлық ауызша сұрақтардың тізімін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітеді.

Әңгімелесу емтиханы бойынша ең жоғары балл саны - 45.

Әңгімелесу бойынша 15 баллдан кем алған немесе емтиханға келмеген талапкерлер емтиханнан өтпеді деп есептеледі.

Әңгімелесуді қайта тапсыруға рұқсат етілмейді, осы бағдарламада реттелмеген кейбір мәселелерді шығармашылық емтихан комиссиясының мүшелері өз беттерінше шешеді.

Әңгімелесудің бағдарлық сұрақтар жобасы

«БВ11107 - Спорттық-сауықтыру фитнесі» білім бағдарламасы бойынша

1. Спорттық-сауықтыру фитнесі білім беру бағдарламасын неліктен тандадыңыз?
2. Фитнестегі күш қабілеттерін дамыту жолдары?
3. Фитнестегі күш қабілеттерінің түрлері, көріну деңгейін анықтайтын факторлар, даму деңгейін бағалау, даму әдістемесі?
4. Фитнестің заманауи түрлеріне анықтама беріңіз?
5. Фитнестегі жылдамдық-күш қабілеттерінің түрлері, көріну деңгейін анықтайтын факторлар, даму деңгейін бағалау, даму әдістемесі?
6. Фитнестегі адамның жалпы төзімділігі: анықтамасы, физиологиялық және биохимиялық механизмдері. Функционалды төзімділік резервтері?
7. Фитнестегі төзімділікті дамыту әдістері?
8. Фитнестегі спортшылардың даму деңгейін бағалау?
9. Фитнес залдарда шұғылдану кезінде жарақаттану жағдайлардың алдын алу? Алғашқы көмек көрсету?
10. Фитнеспен шұғылданушыларға жаттығу жүктемесі туралы түсінік, оның компоненттері?
11. Финес залдарында жарыстарды (жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу, Негізгі құжаттар: жарыс ережесі, өтінім)?
12. Фитнеспен айналысушылардың бәсекелестік қызметті бақылау үшін қолданылатын заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану?
13. Фитнестегі спорттық жаттығу құралдары?
14. Дене жаттығуларын жіктеу. Олардың оқу- жаттығу жұмысындағы рөлі?
15. Фитнес сабақтарын ұйымдастырудағы қауіпсіздік техникасы?
16. Фитнес залдарында шұғылданушылардың тамақтану ерекшеліктері?
17. Фитнеспен ұғылданушылардың диета калориясының мөлшері және дененің энергия шығындарына сәйкестігі?
18. Жеке тренинг?
19. Кардиотренировка әдісі?
20. Фитнесті не үшін тандадыңыз?
21. Стретчинг сипаттамасы. Дайындық және қорытынды бөлімдегі созылу әдістемесі?
22. Шейпингтің жалпы сипаттамасы. Шейпинг жаттығуларының сауықтыру фитнес жүйесінен ерекшелігі?

23. Фитнес диетасындағы тағамдық қоспалардың рөлі?
24. Фитнес бизнесіндегі маркетинг негіздері және сату бөлімінің функциялары сату бөлімінің қызметін ұйымдастыру?
25. Топтық фитнес сабақтардағы нұсқаушысының кәсібилігі?
26. Топтық фитнес бағдарламалары?
27. Бодибилдинг дегеніміз не?
28. Фитнес-йога дегеніміз не?
29. Би аэробикасы дегеніміз не?
30. Акваэробика дегеніміз не?
31. Пауэрлифтинг дегеніміз не?

«6В11106 – Спорттық туризм» білім бағдарламасы бойынша

1. Туристік "құрал жабдық" түсінігі.
2. Туристік маршруттың түрлері және түсінігі.
3. Тау туризіндегі арнайы құрал жабдықтар
4. Су туризіндегі арнайы құрал жабдықтар
5. Жаяу туризіндегі арнайы құрал жабдықтар
6. Велосипед туризіндегі арнайы құрал жабдықтар
7. Арнайы құрал жабдыққа не жатады?
8. «Спальный мешок» құрал жабдығын сипаттап беріңіз
9. Жорықтардағы төтенше жағдайдағы әрекеттер
10. Компас бойынша бағытты анықтау
11. Жорыққа арналған жеке жабдықтардың тізімін атаныз
12. Сақтандыруды ұйымдастыру үшін қандай құралдарды пайдалануға болады.
13. Жарақат алушыны тасымалдау әдістері.
14. Тау туризмінің ерекшелігі.
15. Таулардың негізгі қауіптері.
16. Сынық түрлері, сынық кезіндегі алғашқы медициналық көмек.
17. Ашық сынық кезіндегі алғашқы медициналық көмек.
18. Жабық сынық кезіндегі алғашқы медициналық көмек?
19. Альпинизм спортындағы сақтандыру түрлері?
20. Туризмнің белсенді түрлерінде жарақат алудың негізгі себебі?
21. Күйік кезіндегі медициналық көмек көрсету.
22. Қазақстан Республикасындағы туристік аймақтар?
23. Ұлттық Парктер дегеніміз не?
24. Қазақстан Республикасындағы Ұлттық қорықтарды ата?

- 25.Түркістан облысындағы туристік орындарды ата?
- 26.Тау туристік жорығын өткізуге ыңғайлы уақыт?
- 27.Туристік жорықтарда тамақтандыруды ұйымдастыру?
- 28.Көп күндік туристік жорықтарды ұйымдастыру?
- 29.Жорықтарда күн тәртібін құру ережесі?
- 30.Спорттық туризмді қалай түсінесің?
- 31.Спорттық туризм мамандығын не үшін таңдадың?

Талапкердің интеллектісін, қызығушылығын және бейімділігін анықтау үшін комиссия мүшелері басқа да сұрақтар қоя алады.

Қойылған сұрақтар мен әр талапкердің жауабы хаттамаға енгізіледі. Бұл құжаттың соңына жауаптың қысқаша сипаттамасы және жалпы қорытынды беріледі. Хаттамаға комиссия мүшелері қол қояды.

Білім беру бағдарламалар тобы бойынша II шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

45-35 ұпай («өте жақсы») - комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толыққанды, тыңғылықты, нақты дәлел-мысалдармен аргументтеп, жатық әрі сауатты жауап берген талапкерге қойылады.

34-25 ұпай («жақсы») - комиссия мүшелері қойған сұрақтардың басым бөлігіне орташа жауап берген, азғана білімін көрсетіп, сұрақтың мәнін біршама ұғына алатын талапкерге қойылады.

24-15 ұпай («қанағаттанарлық») - комиссия мүшелері қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап бере алмаған, сұрақтан ауытқып мәнін атүсті ғана ұғына алатын талапкерге қойылады.

14-0 ұпай («қанағаттанғысыз») комиссия мүшелері қойған сұрақтарға жауап бере алмаған, таңдаған мамандығы туралы хабарының мүлдем жоқ екендігін аңғартқан, дүниетанымы саяз екендігін көрсеткен талапкерге қойылады.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Емтиханның мақсаты мен міндеттері.....	3
3	Емтиханды өткізу тәртібі	3
4	Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен нормативтері, бағалау көрсеткіштері.....	9
5	Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен нормативтері, бағалау көрсеткіштері.....	10

1. Жалпы ережелер

В005-«Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» тобы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде дайындалды.

Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің бойындағы қабілеттерді және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттарды анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтихан өткізілетін күндерді үлгі ережеде көрсетілген мерзімге сәйкес университет қабылдау комиссиясы белгілейді және шығармашылық емтихандар дәстүрлі форматта өткізіледі.

білім беру бағдарлама тобы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде дайындалды.

Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің бойындағы қабілеттерді және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттарды анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтихан өткізілетін күндерді үлгі ережеде көрсетілген мерзімге сәйкес университет қабылдау комиссиясы белгілейді және шығармашылық емтихандар дәстүрлі форматта өткізіледі.

2. Емтиханның мақсаты мен міндеттері

Дене шынықтыру және спорт, 6В01402 – Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханды қабылдаудың мақсаты мен міндеттері:

- талапкерлердің жалпы дене дайындығын тексеру;
- талапкерлердің дене шынықтыру мен спортқа деген бейімділігін айқындау;
- дене шынықтыру мен спортқа бейімі бар талапкерлердің арнайы қабілеттерін тексеріп дарынды жастарды іріктеп алу.

3. Емтиханды өткізу тәртібі

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Оқуға түсушілердің құжаттары 2023 жылдың 20-маусым мен 7-шілде аралығында Халықаралық туризм және меймандостық университетінде қабылданады.

Шығармашылық емтихандар үлгі ережеде көрсетілген мерзімге сәйкес 2023 жылдың 08-15 шілде аралығында дәстүрлі түрде өткізіледі.

Бірінші және екінші шығармашылық емтиханда жалпы мамандану және жалпы дене даярлығы бойынша тапсырады.

шығармашылық емтихан қабылдауға екі күн қалғанда, комиссия талапкерлерге арналған емтиханды өткізу тәртібі мен ережелерін түсіндіру жұмысы тиісті алаңда өткізеді.

Емтихан басталар алдында (30 минут бұрын) пәндік комиссия мүшелері жеке тұлғаны растайтын құжаттардың фотосуреті (пропуск) негізінде талапкердің тұлғасын анықтайды. Талапкердің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болуы міндетті.

Қабылдау комиссиясы талапкерлердің жеке басын сәйкестендіру рәсімінен кейін шығармашылық емтихан нормативтерін қабылдауды бастайды.

шығармашылық емтихан тапсыруға келмеген талапкерлерге ведомостқа «келмеді» деп жазылып балл қойылмайды.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ-лар әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Емтихандарды өткізу кезеңіне шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтиханды тапсырушы адам өзі тапсырады, ол шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және

барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Ескерту:

1) В005-«Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарлама тобы бойынша құжат тапсырған спорттық жетістіктері бар талапкерлер (ҚР еңбек сіңірген спорт шебері; ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері; ҚР спорт шебері; ҚР спорт шеберіне үміткер, соңғы үш жылдағы халықаралық және республикалық спорт жарыстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған)) дәлелді құжаттары болған жағдайда шығармашылық емтихандардан босатылып максималды жоғары балл қойылады.

1. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен нормативтері, бағалау көрсеткіштері

Мамандандырылу бойынша арнайы емтихан «Таңдаған спорт түрі» бойынша өткізіледі. Олар: жекпе-жек, спорттық ойын, шыдамдылық спорт түрлері болып бөлінеді. Бірінші шығармашылық емтихандағы жаттығудың ең жоғарғы ұпай саны 45-ке тең.

Мамандану бойынша нормативрет мен бағалау көрсеткіштері:

Көпсайыс жаттығулары	Жынысы	Нормативтік талаптар мен сынақ балдары														
		15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1
Белтемірде тартылу (саны)	Ерлер	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2-1
Арқада жатып кеудесін көтеру (пресс) 1 минутта	Әйелдер	40	35	30	28	26	24	22	20	18	17	16	15	14	13	12
3x10 м қайталап жүгіру	Ерлер	8,0	8,4	8,6	8,7	8,9	9,0	9,2	9,4	9,6	9,8	10,0	10,2	10,4	10,6	10,8
	Әйелдер	9,0	9,4	9,6	9,7	9,9	10,0	10,2	10,4	10,6	10,8	11,0	11,2	11,4	11,6	11,8
Айып добын лақтыру аймағында допты екі жақтан алып жүріп себетке лақтыру (секунд)	Ерлер	11 ^{1,0} п	11 ^{1,20} п	11 ^{1,40} п	11 ^{1,50} п	11 ^{1,70} п	11 ^{1,90} п	12 ^{1,10} п	12 ^{1,30} п	12 ^{1,50} п	12 ^{1,70} п	12 ^{1,90} п	13 ^{1,10} п	13 ^{1,30} п	13 ^{1,50} п	13 ^{1,70} п
	Әйелдер	12 ^{1,0} п	12 ^{1,20} п	12 ^{1,40} п	12 ^{1,50} п	12 ^{1,70} п	12 ^{1,90} п	13 ^{1,10} п	13 ^{1,30} п	13 ^{1,50} п	13 ^{1,70} п	13 ^{1,90} п	14 ^{1,10} п	14 ^{1,30} п	14 ^{1,50} п	14 ^{1,70} п

2. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен нормативтері, бағалау көрсеткіштері

Екінші шығармашылық емтихан жалпы дене дайындығының нормативтері оқуға түсушілердің дене қуаты қабілеттерінің сапалық деңгейін бағалауға арналған бақылау жаттығулары мен нормативтері бойынша қабылданады.

Екінші шығармашылық емтихандағы жалпы дене дайындығының нормативтерінің ең жоғарғы ұлай саны 45 балға тең.

Жалпы дене даярлығы бойынша нормативрет мен бағалау көрсеткіштері:

Көпсайыс жаттығулары	Жынысы	Нормативтік талаптар мен сынақ балдары														
		15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1
100 м. Жүгіру. /сек/	Берілетін балдары															
	Ерлер	14,0	14,2	14,4	14,7	15,0	15,3	15,6	15,8	16,0	16,2	16,4	16,7	17,0	17,3	17,5
1000 м. Жүгіру. минут /сек/	Әйелдер	16,5	16,7	16,9	17,1	17,4	17,7	18,0	18,3	18,6	19,0	19,3	19,6	20,0	20,3	20,5
	Ерлер	4,30	4,35	4,40	4,45	4,50	4,55	5,00	5,05	5,10	5,15	5,20	5,25	5,30	5,35	5,40
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	Әйелдер	5,00	5,05	5,10	5,15	5,20	5,25	5,30	5,35	5,40	5,45	5,50	5,55	6,00	6,05	6,10
	Ерлер	235	230	225	222	218	215	212	210	208	205	203	200	195	190	185
	Әйелдер	180	175	170	165	163	160	155	150	145	140	135	130	125	120	115